

6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындаған  
Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның  
«Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

**П І К І Р**

Тіл қоғамдық құбылыс ретінде адам әрекетінің барлық жағын қамтитын тарихи категория екені белгілі. Тіл мен ұлттық сана өзара тығыз байланыста өмір сүреді, соның нәтижесінде тілдік фактілер мәдени-ұлттық көзқарасты, тілдік стереотиптерді тану және халықтың тілдік санасының көрінісін тіл арқылы оның құндылықтық-антропологиялық бейнесін тануға болады.

Қазіргі антропоцентристік бағыттағы еңбектерде тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау, тіл мен психология байланысында қарастыру, зерттеулер өзекті мәселелердің біріне жатады. Атап айтқанда, қорғауға ұсынылып отырған диссертация – адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясын анықтауға бағытталған, бүгінгі ғылым талабына сай орындалған ғылыми зерттеу.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне шетелдік, ресейлік және отандық лингвистердің тіл мен мәдениет, тіл мен ойлауға қатысты зерттеу еңбектері, ой-пікірлері мен ғылыми еңбектері жатады.

Зерттеудің теориялық маңызы сөзсіз, лингвомәдениеттану ғылымының басты теориялық ұстанымдары, терминдік жүйесі негізге алынып, кейбір теориялық тұстары нақтылануын жатқызуға болады. Жұмыстың нәтижелерін лингвомәдениеттану, лексикология, этнолингвистика ғылыми бағыттар бойынша оқытылатын элективті курстарда қосымша теориялық материал ретінде пайдалануға болады. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалды лингводидактикалық, танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, сөздіктерді құрастыруда тілдік дерек ретінде, оқу-әдістемелік құралдарды жазуда қолдануға болады.

Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес. Зерттеушінің теориялық дайындығы, тақырыпты меңгеруі, тілдік деректерді жинақтап, сұрыптауы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырған.

Әрбір ғылыми нәтиже мен ізденушінің диссертациядағы түйіні мен қорытындысы өзара байланысты, бірінен-бірі туындап отырады. Әр тарау, тараушалардағы пікір-тұжырымдар бір-бірімен сабақтасқан.

Зерттеу жұмысында адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктер анықталып, олардың ішінде сын есімдердің мағыналық құрамының семалық белгілері талданған. Адами қасиеттердің берілу жолдары, қолданылу сипаты лингвистикада жан-жақты қарастырылған жоқ, тілдік тұрғыдан, яғни семантикалық өріс теориясымен байланыстыра зерттеу жұмыстың өзектілігін айқындай түседі. Жұмыста жаңа парадигма тұрғысынан адами қасиеттерді

сипаттайтын лексемалардың бағалауыш мәні айқындалып, олар бірнеше семаларға топтастырылған.

Адами қасиетті тілдік тұрғыдан түсіндіруде философия ғылымындағы құндылық, психология ғылымындағы мінез, темперамент ұғымдарымен қатысты қарастырған. Адам бойындағы қасиеттерді сипаттауда қолданылатын тілдік бірліктердің, атап айтқанда, фразеологизмдердің, тұрақты теңеулердің, паремиялардың, зат есім, сын есім, етістік сөз таптарының ағылшын, орыс, түркі тілдеріндегі қолданысы жөніндегі ғылыми материалдарға сүйене отырып, қазақ тілінде де ұлттық қасиеттердің аталған тілдік бірліктер арқылы берілетіндігін анықтап, олардың қызметі мен бағалауыш мәнін талдаған. Адами қасиеттерді сипаттауда жиі қолданылатын сын есімдер өріс аясында қарастырылып, семантикалық өріс теориясының ғылыми негіздері, өрістің басты белгілері, семантикалық өріс құраушы сөздердің парадигмалық және синтагмалық қатынасы, өріс құрамындағы мағыналас және қарама-қарсы мәндегі бірліктер, өрістің ядросы мен перифериясы, сөз мағыналарының ең кіші бөлшегі – сема мәселелеріне қатысты зерттеумен арнайы айналысқан отандық және шетелдік көптеген ғалымдардың пікірлері қарастырылып талданған және диссертант өзіндік ғылыми тұжырымдарын дәлелді түрде ұсынған.

6D020500 –Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға, оның авторына 6D020500 – филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Рецензент  
Абай ат. ҚазҰПУ,  
қауым. проф. м.а., PhD

